

ХАТТАМАСЫ № 1

Бүгін, 02 қыркүйек 2024 жылы, № 69 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы мен бракераждық комиссияның отырысы болып отыр.

Қатысқандар - 7

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру, бракераждық комиссияның құрамын бекіту, міндеттерімен таныстыру.
2. Мектеп асханасының ас блогының жаңа оқу жылына дайындығын тексеру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры М.С. Наменова сөз алды: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып, мектеп асханасының ас блоктарында дайын тағамдар сапасын органолептикалық бағалау жүргізу мақсатында бракераж комиссиясы құрылады. Мақсаты: тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуын, асхананың санитарлық жағдайын, аз мәзірі мен азық – түліктердің сапасы мен сақталуын бақылау. Сонымен қатар, бракераж комиссиясының жылдық жоспарын бекіте отырып, білім алушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің өз деңгейінде жүргізілуін қатаң бақылауға алынатынын мәлімдеді. Комиссия мүшелеріне мектеп асханасының жұмыс режиміне сай жұмыс жасауын, тамақтану нормаларының сақталуын, асхана тазалығын, тағамдардың дұрыс берілуін бақылау мен қадағалауды тапсырды. Осы мақсатта мектеп әкімшілігімен ақылдаса отырып, бракераждық және мониторингтік комиссияның құрамына мүшелерді сайлауға ұсыныс берді.

Шығып сөйлеушілер:

Г.Жами – әлеуметтік педагог:

2024-2025 оқу жылында "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларды негіздемеге ала отырып мектеп асханасының ас блоктарында дайын тағамдар сапасына органолептикалық бақылау жүргізу, тамақтану сапасына мониторинг жасау мақсатында жоспар әзірленді. Мақсаты: Балалар мен жасөспірімдердің дұрыс тамақтануын, мектеп асханасының санитарлық жағдайын бақылау. Осы ережелерді негіздемеге ала отырып бракераждық және мониторингтік комиссия құрамын өзгертусіз қалдыруға ұсыныс білдіремін.

А.А Абжалелова – мектеп директоры:

Білім мекемесінің басшысы ретінде, ережеге сәйкес, комиссия төрайымы болып өзім сайланамын. Комиссия мүшелеріне әлеуметтік педагог Г.Жамиге, мектеп медбикесі З.Байменова, логопед А.Ерсайнова және осы жұмыстарды бақылауда ұстау мақсатында,

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Рахметова ,ата-ана А.Карагулова ,
Қамқоршылық кеңес мүшесі И.Хасанғалиева комиссия құрамына бұйрықпен бекітілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Г.Жами сөз алды: 2024-
2025 оқу жылына мектеп асханасы мен ас блогының санитарлық жағдайы жақсы. Барлық
қажетті шаралардың алдын-алу жұмыстары ұйымдастырылды. Асхана іші, ас блогы, тамақтану
залының жарықтандырылуы, асхана кезекшілігі, ас ішу кестесі, ас мәзірі мен қажетті ақпараттар,
безендірілуі, қол жуу,кептіру құралдарының жарамдылығы нормаға сай, тексерілді. Мектеп
асханасын жалға алушы ЖК «Наурызбаев » өз қызметкерлері тарапынан жұмысқа
рұқсаттамалары мен тағамды тасымалдау шараларын , СЭС-тен рұқсаттамаларын алып, мектеп
асханасына тазалық жұмыстарын жүргізді. Тоңазытқыштар мен ыдыс-аяқтардың жарамдылығы
мен жұмыс жасауы тексерілді.

Қаулы:

1. 2024- 2025 оқу жылына арналған бракераждық комиссия құрамы бекітіліп, жұмыс жоспары
таныстырылып, бекітілсін.

А.А Абжалелова – мектеп директоры- комиссия төрайымы
И.Хасанғалиева – Қамқоршылық кеңес мүшесі, комиссия орынбасары
А.Рахметова – директор тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мүшесі
А.Ерсайнова – логопед , мүшесі
Г.Жами– әлеуметтік педагог,мүшесі
А. Карагулова –ата-аналар комитетінің мүшесі ,мүшесі
З.Байменова – медбике, мүшесі

Хатшы- Г.Жами

2. Мектеп асханасының ,ас блогының жұмысы мектеп әкімшілігі мен комиссия мүшелері
тарапынан бақылауда болсын.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:



А.А.Абжалелова

Г.Жами

ХАТТАМАСЫ № 2

Бүгін, 18 қыркүйек 2024 жылы, № 69 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы мен бракераждық комиссияның отырысы болып отыр.

Қатысқандар - 7

Күн тәртібінде:

1. Тамақ дайындау технологиясының сақталуын бақылау, ас блогы қызметкерлерінің санитарлық – гигиеналық нормаларды сақтауын, тағамдардың тәуліктік сынамаларының болуын тексеру, өнімдерді сақтаудың температуралық режимдерінің сақталуын бақылау (медбике З.Байменова)

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.А.Абжалелова сөз алды: «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларды сақтау мақсатында мектеп асханасына тексеру жұмыстары жүргізілді. Барлық комиссия мүшелері толық қатысты. Алайда, мектеп асханасын күнделікті бақылап отырған - медбике З.Байменоваға сөз береміз.

Шығып сөйлеушілер:

З.Байменова – медбике: Мектеп асханасының санитарлық жағдайын бақылау – күнделікті міндетім. Күнделікті ас мәзірі, асхана ішінің санитарлық жағдайы, ас дайындау блогының тазалығы басты назарда. Күндік норма тоңазытқышта сақталады. Барлық жуып-шаю құралдары таза, сыртында мүкәмалары жазылған. Шикі тағамдар сақтайтын қоймалар таза, барлық өнімдер нормаға сай қойылған. Күнделікті тамақ құятын ыдыстары таза, сынбаған. Асхана қызметкерлерінің денсаулығы күнделікті тексеріледі. Тағамдардың сапасын бақылау журналдары жүргізіліп отыр. Қызметкерлердің жеке гигиеналық кабинеттері мен ауысымдық киімдері талапқа сай. Тоңазытқыштардың температурасы, ішіндегі тағамдардың орналасуы, көршілестігі жақсы. Ұн, нан, ет, көкөніс цехтарындағы барлық талаптар сақталған және құралдары таңбаланған. Тамақты тасымалдау жиілігі- 10 күн. Тағамдардың серификаттары мен декларациялары жинақталған. Асхана іші жарық, безендірілген. Асхана жуу кестесі бар, аптасына 1 рет толық жуып –шаю жұмысы ұйымдастырылған. Оқушылардың қол жуу раковиналары таза, кептіргіштер жұмыс жасайды, мектеп әкімшілігі тарапынан үнемі бақылауда.

Бүгін мектеп асханасының санитарлық жағдайы тексерілді. Асхана қоймаларының ас блоктарының жұмысы жақсы. Мектептің ас ішу залындағы ас үстелінің жапқышын жаңартуға ұсыныс білдіремін.

Қаулы:

1. Тағамды дайындау технологиясы мен ас блогының жұмысы, санитарлық тазалығы қатаң бақылауда болсын.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:



А.А Абжалелова

Г.Жами

ХАТТАМА № 3

Бүгін, 10 қазан 2024 жылы, № 69 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы мен бракераждық комиссияның отырысы болып отыр.

Қатысқандар - 7

Күн тәртібінде:

1. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет стандартын орындау мақсатында мониторинг жүргізу.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.А.Абжалелова сөз алды: Бүгін мектеп асханасына кезекті бракераждық тексеру комиссиясының жұмысымен мониторингтік топ өз жұмысын жалғастырды. Тексеру барысында мектеп асханасының барлық жай-күйі қаралды

Шығып сөйлеушілер:

И.Хасанғалиева – Қамқоршылық кеңес мүшесі, кеңес орынбасары :


Бүгінгі кезекті тексеру барысында анықтағанымыз: күнделікті ас мәзірі ілінген. Асхана іші таза, жуылған, санитарлық нормалар, антисептиктер бар. Гигиеналық шаралардың алдын-алу мақсатында, талап етілген жұмыстар жолға қойылған. Ас ішетін столдардың үсті таза, сүртілген, оқушыларға жақсы жағдай жасалған. Тамақты құю нормасы сақталған, тоңазытқыш іштері таза, күндік норма алынған. Асхана қызметкерлері тарапынан барлық тиісті сұрақтарға жауап алдық. Мектеп медбикесінің жүргізген журналдарын тексердік. Барлық журналдар уақыты жүргізіліп отыр, тігілген, шнурланған, мөрмен расталған. Асханада 2 стенд орнатылған, онда тамақтануға қатысты барлық ақпараттар бар. Асхана қоймаларын тексеру кезінде кемшіліктер анықталған жоқ. Тамақтар жабық ыдыста сақталған, маркировкалары бар. Ескеретін жағдай, залалсыздандыру үшін себілген профилактикалық заттарды жинап, жуу және қойма сыртындағы тақтайшалардың орнын ауыстырып ілу ескертілді. Қазір қоғамда балалар мен жасөспірімдердің дұрыс тамақтануы басты назарда болғандықтан, барлық сақтық шараларын қатаң бақылауда ұстауымыз қажет.

Қаулы:

1. Мектеп асханасының жұмысын жалғастыруды, сақтық шараларын ұстануды қадағалау

Комиссия төрайымы:

Хатшы:



А.А.Абжалелова

Г.Жами

ХАТТАМА № 4

Бүгін, 19 қараша 2024 жылы, № 69 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы мен бракераждық комиссияның отырысы болып отыр.

Қатысқандар - 7

Күн тәртібінде:

1. Мектеп асханасындағы тұрмыстық бөлмелердің, тамақ сақталатын қоймалардың жай-күйін бақылау.
2. Ауыз су режимін ұйымдастыру жұмыстарын бақылау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдеуметтік педагог Г.Жами сөз алды: Бүгін мектеп асханасына кезекті бракераждық тексеру комиссиясының жұмысымен мониторингтік топ жұмыс жасады. Тексеру барысында мектеп асханасының барлық жай-күйі, қоймалардың санитарлық жағдайы толық қаралды. Мектеп асханасындағы тамақтардың құйылу нормасын бақылады. Тамақтардың дайындалу сапасы жақсы, нормаға сәйкес. Дайын өнімдер мен шикі заттардың сақталу орны таза. Пікірлесу барысында оқушылар тарапынан арыз-шағымдар болмады. Қабылданатын азық-түлік өнімдерінің сапасын сақтау шарттары мен мерзімдері талапқа сәйкес тағамды жасау технологиясы сақталған, тоңазытқыштардың жұмыс жасауы қалыпты. Тоңазытқыш саны-3. Тамақтардың сақталуы, көршілестігі сақталған.

Асхана қызметкерлеріне шағым жоқ. Тұрмыстық бөлмелері таза, асхана жұмысына қатысты журналдарын медбике толтырады. Жыл басынан бері барлық жазбалар түсірілген. Тексеру сәтіндегі күндік ас мәзірі перспективалық ас мәзірімен сәйкес келеді. Мектеп оқушылары үшін ауыз су мәселесі қарастырылған. Мектептің екі қабатында да су ішетін қондырғылар (су бұрқақтары) орналастырылған. Мектеп асханасындағы стендте ас мәзірі, 2 апталық ас мәзірі, тиым салған тағамдардың тізбесі, сатылымдағы тағамдардың атауы, бағасы мектеп басшысының, мектеп арендаторының мөрімен расталып, бекітілген.


Асхана ішіндегі тамақ қалдықтарын құятын шелектердің іші-сыртын тазалау, жуып-шаю жұмыстарын жүргізуге ұсыныс береміз.

Қаулы:

1. Санитарлық – эпидемиологиялық талаптар мен білім беру мекемесіндегі қауіпсіздік шараларды қатаң сақтау - басты назарда болсын.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:



А.А. Абжалелова

Г.Жами

ХАТТАМА № 5

Бүгін, 02 желтоқсан 2024 жылы, № 69 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы мен бракераждық комиссияның отырысы болып отыр.

Қатысқандар - 7

Күн тәртібінде:

1. Ыстық тамақтың берілуі, тағамдардың жарамдылық сертификаттары мен құжаттарының мерзімдерін бақылау (медбике)

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия мүшелері өз жұмыстарын қорытындылады. Жалпы, мектеп асханасының санитарлық нормаларды сақтауы, ыстық тамақпен қамтылуы, көрсетілетін мемлекеттік қызметтің дұрыс жүргізілуі туралы шығып сөйледі.

Шығып сөйлеушілер:

И.Хасангалиева – Қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана.

2023-2024 оқу жылынан бастап осы мектепте ата-ана әрі Қамқоршылық кеңесінің мүшесі болып қоғамдық жұмысқа араласып келемін. Мектептің оқу – тәрбие жұмысына, жалпы дамуына, білім алушыларға көрсетілетін қайырымдылық шараларына куә болып отырамын. Болашақ жарқын болу үшін – мектептегі білім мен тәрбиені жақсартуымыз қажет. Қазіргі таңда әлеуметтік қорғалмаған және өзге де санаттағы білім алушылар үшін мемлекетіміз көп жұмыс жасап отыр. Осы мақсатта мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыру жұмысы – басты назарда. Мектеп асханасындағы жүргізіліп отырған жұмыстарға «жақсы» баға беремін. Мектеп асханасы мектеп әкімшілігі мен комиссия құрамының бақылауында. Асхана іші таза, барлық санитарлық шаралар қамтылған, жауапты мамандар жұмыстарын өз деңгейінде атқарып отыр.

А.Рахметова – директор орынбасары, мүшесі


Асхана жұмысы жолға қойылған, асхана кезекшілігі ұйымдастырылған. Білім алушылардың тамақтану кезеңін бақылап отырамыз. Тамақтардың жарамдылық сертификаттары үнемі бақылауда, жарамды. 2 апталық ас мәзірі ілінген, сатылымдағы тағамдардың түрі мен бағасы белгіленіп, бекітілген. Күндік норма талапқа сай.

Қаулы:

1. Асхана қоймаларының тазалығы мен тағамдардың жарамдылық мерзімі күнделікті бақылауда болсын.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:



А.А Абжалелова

Г.Жами